Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
М.Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы
Оқу-әдістемелік кеңес отырысының хаттамасынан үзінді

№ 5 хаттамасы

Көкшетау қ. **2026 жылғы 11-ші қараша**

Оқу-әдістемелік кеңесінің төрағасы	Академия бастығының оқу жұмысы бойынша орынбасары, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), полковник Ж.Қ. Макишев
Оқу-әдістемелік кеңесінің хатшысы	Азаматтық қорғаныс және әскери дайындық кафедрасының оқытушысы, капитан Д.А. Дауренов
Қатысқандар	Оқу-әдістемелік кеңесі 13 мүшесінің 11 мүшесі.

Күн тәртібі:

1. Жұмыс оқу бағдарламасын және «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан өткізу нысанын қарау туралы, *(жұмыс оқу бағдарламасы)*.

Баяндаушы: *әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, тілдер және психологиялық дайындық кафедрасының бастығы азаматтық қорғау полковнигі Касымова С.К.*

2. 2026–2027 оқу жылының күзгі семестрінің бірінші межелік бақылауының қорытындылары және оқыту сапасын арттыру жөніндегі шаралар туралы, *(Есеп)*.

Баяндаушылар:

1) жедел тактикалық пәндер кафедрасының бастығының орынбасары азаматтық қорғау полковнигі Голев В.В.,

2) өрттің алдын алу кафедрасының бастығы азаматтық қорғау полковнигі Рахметулин Б.Ж.,

3) азаматтық қорғаныс және әскери дайындық кафедрасының бастығы полковник Абдрахманов А.А.,

4) төтенше жағдайларда қорғау кафедрасының бастығы майор Каирбеков К.К.,

5) өрт-құтқару және дене шынықтыру даярлығы кафедрасының доценті азаматтық қорғау майоры Аскаров Р.С.

6) әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, тілдер және психологиялық дайындық кафедрасының бастығы азаматтық қорғау полковнигі Касымова С.К.

7) Жалпы техникалық пәндер, ақпараттық жүйе және технологиялар кафедрасының бастығы азаматтық қорғау майоры Мусайбеков А.Г.

3. Академияның 2027 жылға арналған ғылыми-зерттеу қызметінің (ҒЗЖ) жоспарын қарау туралы. *(Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарының жобасы)*

Баяндаушылар: *ғылыми-зерттеу орталығының бас маманы*

4. Әртүрлі.

1) Аралық аттестаттауға арналған емтихан сұрақтарының ең төменгі санын белгілеу туралы.

2) «Өрт сөндіруші» лауазымындағы оқу практикасының бағдарламасын қарастыру туралы.

3) «Магистранттардың практикадан және ғылыми тағылымдамадан өтуі бойынша әдістемелік нұсқауларды» қарастыру туралы.

4) 7М12305 «Төтенше жағдайларда қорғау» (бейіндік бағыт) білім беру бағдарламасын қарастыру туралы.

5) «Пожарные и аварийно-спасательное оборудование и техника» оқу-әдістемелік құрал қарастыру туралы *(авторлық ұжым – Ғазез Д.Б., Булат А.С.)*

6) «Пожарные и аварийно-спасательное оборудование и техника» оқу-құрал қарастыру туралы *(авторлық ұжым: Ғазез Д.Б., Булат А.С.)*

7) «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жабдықтары мен техникасы» оқу-құрал қарастыру туралы *(авторлық ұжым: Ғазез Д.Б., Булат А.С.)*

Шешті:

Бірінші сұрақ бойынша:

1. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, тілдер және психологиялық дайындық кафедрасының бастығы, азаматтық қорғау полковнигі С.К. Қасымованың «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның жұмыс оқу бағдарламасын және оны өткізу нысанын қарау туралы ақпараты назарға алынсын.

2. 6В123 «Қоғамдық қауіпсіздік» және 6В121 «Әскери іс» даярлау бағыттары бойынша әзірленген «Қазақстан тарихы» пәнінің 5 академиялық кредит көлеміндегі мемлекеттік емтиханның жұмыс оқу бағдарламасы ұсынылған ескертулер мен түзетулерді ескере отырып мақұлдансын.

3. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, тілдер және психологиялық дайындық кафедрасының бастығы С.К. Қасымоваға пысықталған жұмыс оқу бағдарламасын және мемлекеттік емтихан нысаны бойынша ұсынысты Академияның Ғылыми кеңесіне бекітуге ұсынуды қамтамасыз ету тапсырылсын.

4. Мемлекеттік емтиханға дайындық жұмыстары барысында курсанттардың жұмыс оқу бағдарламасымен, емтихан сұрақтарымен, ұсынылған әдебиеттермен және бағалау талаптарымен уақтылы таныстырылуы қамтамасыз етілсін.

Орындау мерзімі: 2026 жылдың 16 қарашаға дейін.

Екінші сұрақ бойынша:

5. Кафедра бастықтарының 2026–2027 оқу жылының күзгі семестрінің бірінші межелік бақылау қорытындылары туралы есептері назарға алынсын.

6. Кафедра бастықтары бірінші межелік бақылау нәтижелерін талдап, үлгерімі төмен курсанттармен қосымша консультациялар мен практикалық сабақтар өткізуді ұйымдастырсын.

Орындау мерзімі: 2026 жылғы күзгі семестрдің соңына дейін.

Үшінші сұрақ бойынша:

7. Ғылыми-зерттеу орталығының бас маманы , азаматтық қорғау подполковнигі Садвакасова С.К. Академияның 2027 жылға арналған ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының жобасы туралы баяндамасы назарға алынсын.

8. Академияның 2027 жылға арналған ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының жобасы анықталған ескертулер мен кемшіліктерді жою шартымен негізінен мақұлдансын.

9. Жоспарға енгізілетін оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдардың ең төменгі көлемі кемінде 5 баспа табақ болып белгіленсін. Кафедра бастықтары басылымдардың көлемін баспа табақпен дұрыс есептеуді және көрсетуді қамтамасыз етсін.

Орындау мерзімі: 2026 жылдың 16 қарашаға дейін.

Әртүрлі.

Төртінші сұрақ бойынша:

10. Аралық аттестаттаудың ауызша және жазбаша нысандарына арналған емтихан сұрақтарының ең төменгі саны бір академиялық кредитке 20 сұрақ есебімен белгіленсін. Сұрақтардың күрделілік деңгейлері: жеңіл – 30%, орташа – 50%, жоғары – 20% болып бекітілсін.

Бесінші сұрақ бойынша:

11. 6В123 «Қоғамдық қауіпсіздік» және 6В121 «Әскери іс» даярлау бағыттары бойынша 4 академиялық кредитті (120 сағат) құрайтын «Өрт сөндіруші» лауазымындағы оқу практикасының бағдарламасы мақұлдансын.

Алтыншы сұрақ бойынша:

12. Магистранттардың практикадан және ғылыми тағылымдамадан өтуі бойынша әзірленген әдістемелік нұсқаулар мақұлдансын және Академияның Ғылыми кеңесіне бекітуге ұсынсын.

Орындау мерзімі: 2026 жылдың 16 қарашаға дейін

Жетінші сұрақ бойынша:

13. Оқу мерзімі 1 жыл, жалпы көлемі 60 академиялық кредитті құрайтын 7М12305 «Төтенше жағдайларда қорғау» бейіндік бағытындағы білім беру бағдарламасы мақұлдансын және Академияның Ғылыми кеңесіне бекітуге ұсынсын.

Орындау мерзімі: 2026 жылдың 16 қарашаға дейін

Оқу үрдісінде басылымға және пайдалануға ұсыну:

14. «Пожарные и аварийно-спасательное оборудование и техника» оқу-әдістемелік құрал *(авторлық ұжым – Ғазез Д.Б., Булат А.С.)*.

15. «Пожарные и аварийно-спасательное оборудование и техника» оқу-құрал (*авторлық ұжым: Ғазез Д.Б., Булат А.С.)*

16. «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жабдықтары мен техникасы» оқу-құрал (*авторлық ұжым: Ғазез Д.Б., Булат А.С.)*

Оқу-әдістемелік кеңесінің төрағасы,
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент),
полковник **Ж.К.Макишев**

Оқу-әдістемелік кеңесінің хатшысы
капитан **Д.А.Дауренов**

«Қазақстан Республикасы ТЖМ М. Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы» ММ
Оқу-әдістемелік кеңесі құрамының 2026 жылғы 11 қарашада №5 ОӘК отырысына
КЕЛУ ПАРАҒЫ

№	Т.А.Ә.	лауазымы	құрамы	қолы
1.	полковник Макишев Ж.К.	т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), академия бастығының оқу жұмысы бойынша орынбасары	ОӘК төрағасы	
2.	азаматтық қорғау подполковнигі Шуматов Э.Ғ.	филос.ғ.к., күндізгі оқу факультетінің бастығы	ОӘК төрағасының орынбасары	
3.	азаматтық қорғау полковнигі Кусаинов А.Б.	т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), қашықтықтан оқыту және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің бастығы	ОӘК мүшесі	
4.	азаматтық қорғау подполковнигі Захаров И.А.	т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), ғылыми-зерттеу орталығының бастығы	ОӘК мүшесі	
5.	азаматтық қорғау подполковнигі Мусайбеков А.Ғ.	т.ғ.к., жалпы техникалық пәндер, ақпараттық жүйелер және технологиялар кафедрасының бастығы	ОӘК мүшесі	
6.	азаматтық қорғау полковнигі Касымова С.К.	ф.ғ.к., әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, тілдер және психологиялық дайындық кафедрасының бастығы	ОӘК мүшесі	
7.	полковник Абдрахманов А.А.	әскери ғыл.к., азаматтық қорғаныс және әскери дайындық кафедрасының бастығы	ОӘК мүшесі	
8.	подполковник К.К.Каирбеков	әскери ғыл.к., төтенше жағдайларда қорғау кафедрасының бастығы	ОӘК мүшесі	
9.	азаматтық қорғау майоры Оспанов К.К.	т.ғ.к.,жедел-тактикалық пәндер кафедрасының бастығы	ОӘК мүшесі	
10.	азаматтық қорғау полковнигі Рахметулин Б.Ж.	қауымдастырылған профессор (доцент), өрттің алдын алу кафедрасының бастығы	ОӘК мүшесі	
11.	азаматтық қорғау подполковнигі Даренская А.А.	мониторинг және білім сапасын бақылау (бағалау) бөлімінің бастығы	ОӘК мүшесі	
12.	азаматтық қорғау майоры Аскаров Р.С.	өрттен құтқару және дене шынықтыру дайындығы кафедрасының доценті	ОӘК мүшесі	
13.	капитан Дауренов Д.А.	азаматтық қорғаныс және әскери дайындық кафедрасының оқытушы	ОӘК хатшысы	